

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Мемлекеттік қаржы

2. Сабақтың мазмұны:

- 1 Мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттері.
- 2 Қоғамдық тауарлары, игіліктері мен қызметтері.
- 3 Мемлекеттік қаржылар туралы жалпы түсінік және олардың құрамы.
- 4 Мемлекеттік табыстардың мәні және жіктелуі.
- 5 Мемлекеттің шығыстарының мәні, құрамы және сыныптамасы.

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: қаржының мәні мен функцияларын, олардың ұдайы өндіріс процесіндегі рөлін теориялық негіздеу; қаржы жүйесінің мазмұны мен құрамын ашу; қаржылық, фискалдық және ақша-несие саясаты контекстінде қаржылық менеджмент негіздерін оқу; қаржы нарығының дамуының қазіргі тенденцияларын және қаржы делдалдарының, сақтандыру ұйымдарының және халықаралық қаржы институттарының қызметін сипаттау; кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негіздерін оқып білу; студенттердің қазіргі жағдайда үй шаруашылығының қаржысын басқарудың практикалық дағдыларын дамыту; студенттерді жеке қаржыны басқаруда қаржылық, несиелік, инвестициялық және сақтандыру құралдарын тиімді пайдалануға үйрету.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- Үйге берілген тапсырманы тексеру
- Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру
- Тақырып бойынша тест тапсырмасы (google формада)